

Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 11 қаңтардағы № 95 "Өскемен қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер пен толықтыру енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 12 шілдедегі № 2466 қаулысы

Өскемен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 11 қаңтардағы № 95 "Өскемен қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Өскемен қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережеде:

13-тармақта:

2) тармақша мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен белгілеген тәртіпте өтініштерді, шағымдарды, петицияларды қарау.";

14-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы заңнамасының темекіні және темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерд, сату, темекіге, темекі бұйымдарына демеушілік ету жөніндегі, сондай-ақ темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді имитациялайтын тауарларды өндіру, сату және тарату жөніндегі талаптарын бұзғаны үшін";

мынадай мазмұндағы 25-4) тармақшасымен толықтырылсын:

"25-4) шығармашылық индустрияны дамыту".

2. "Өскемен қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Өскемен қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК